

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Есқараева Гульдана Русланқызы

guldi_guldi_96@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан,
Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекшісі - аға оқытушы Жамиева А.Е.

Бюджет әр мемлекетке өзінің экономикалық, әлеуметтік және саясаттық функцияларын орындауға объективтік ақшалай түрде қажетті. Бюджет қай мемлекеттікі болмаса да мазмұндары бірыңғай категориялардан қалыптасады, яғни салық, займдар, шығын және тағы басқалары, сонымен қатар олар бір, қоғамдық-экономикалық формациядан басқа формацияға ауысса да өздерінің мазмұнын өзгертпейді. Дәл осы ұғым бюджетті экономикалық категория деп дәлелдейді. Сондықтан, бюджеттің экономикалық түбі басқа да экономикалық категорияларға сай ақша түріндегі және соған сәйкес материалды негізі бар өндірістік қарым-қатынаста жатыр. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауында айтылғандай, біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Бұл аталған мәселелерді жетілдіре дамыту үшін біздің ойымызша, мемлекеттік бюджет аса маңызды құралы болады деп айтуға болады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының экономикалық тұрақты дамып және нарық қалыптасқан мемлекеттердің бірі болып саналуына ешқандай күмән келтірмейді. Нарықтық экономикалық дамуы көп жағдайда елдің ұлттық табысымен және ұлттың байлығымен, сонымен қатар бюджет құрылымдары жағдайымен анықталады. Қаржылық, несиелік, бюджеттің қатынастардың рөлі, алатын орны және мәні айдан анық. Себебі, бұл қатынастардың жағдайына жалпы ішкі өнім өсімінің, жұмыссыздық пен инфляция деңгейінің, төлем балансы мен валюта бағамының жағдайы және басқа да макроэкономикалық көрсеткіштерінің ұтымды деңгейге жетуі тәуелді [1].

Нарықтық экономикада бюджеттік жүйе мемлекеттің тұтас бүкіл экономикалық жүйесінің бөлігі, қаржы жүйесінің маңызды элементі ретінде көрініс табады. Бюджеттік жүйе бюджеттік рәсімдер мен қатынастарда, бюджет үдерісінде, бюджет құрылғысында орын алатын кенет өзгертулерсіз, тұрақты түрде қызмет жасайды. Аталған шарт мемлекет жүзеге асырып отырған қызметтер мен тапсырмалардың толықтығын, мемлекет бағдарламаларындағы даму мақсаттары мен параметрлеріне қол жеткізу мүмкіндігін анықтайды. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі елдің түрлі деңгейлердегі бюджеттерінің экономикалық қатынастар мен заңды нормативтеріне негізделген. Оларды әзірлеу, қарау, бекіту, атқару және атқарылуын бақылау процесін біріктіреді.

Бюджет жүйесінің бірлігі бірыңғай заң шығарушылық негіз, бюджеттік құжаттама нысаны, бірыңғай бюджеттік жіктелімді (кіріс пен шығыстың міндетті топтамасын) қолдану, бюджеттердің төменгі деңгейінен келесі деңгейіне қажетті статистикалық және бюджеттік ақпарат беру, бірыңғай ақша жүйесі арқылы қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің құрылымы екі деңгейлі – республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттерден құралады. Бюджеттердің дербестігі меншікті кіріс көздерінің болуы және оның пайдаланылуын айқындау құқығы арқылы қамтамасыз етіледі.

Барлық деңгейдегі бюджеттердің теңдестірілуі бюджет, қаржы саясатының қажетті шарты болып табылады. ҚР-нда әрбір деңгейдегі бюджеттердің кірістері оның салық, жергілікті шаруашылық, өзін-өзі басқару, бюджет жүйесі туралы заңдарға сәйкес құралады. Республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттерді әзірлеу, қарау, бекіту, атқару және

атқарылуын бақылау тәртібі “Бюджет жүйесі туралы” ҚР Заңымен (1.4.1999) және оған кейіннен енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар туралы заңдармен айқындалады[2].

Қаржылық және экономикалық дағдарыс салдарына қарамастан, Мемлекет Басшысы Үкіметке 2009-2011 жылдары айтқан бұрын қабылданған халықтың әлеуметтік қорғалуын арттыру және елде әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындай алдық. Бірқатар елдердің үкіметтері қаржылық дағдарыс кезеңінде алынған қаражатты экономиканы қалпына келтіруге қайта бағыттау үшін бюджетке жүктемені, оның ішінде әлеуметтік шығыстар есебінен де төмендетті және төмендетуде, Қазақстанда керісінше барлық әлеуметтік міндеттемелер – зейнетақыны арттыру, әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшерін индексстеу және жаңа түрлерін енгізу, сондай-ақ бюджеттік сала қызметкерлеріне жалақысын және оқушыларға мемлекеттік стипендияларды арттыру іске асырылды.

Бюджеттің әлеуметтік бағыттылығы мынадай сандармен расталады: міне бірқатар жылдар ішінде республикалық бюджетте әлеуметтік шығыстар үлесі 36-38%, ал мемлекеттік бюджетте (республикалық + жергілікті бюджеттер) – 50%-дан астам деңгейінде болып отыр. Жоғарыда көрсетілген «дәстүрлі» әлеуметтік шығыстармен қатар (әлеуметтік төлемдер, әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт.), азаматтардың өмір сүру сапасын және әл-ауқатын арттыру да «Ақ бұлақ» бағдарламасы (халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету), жұмыспен қамту – 2020 бағдарламасы, Шағын қалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты жаңғырту мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, «Нұрлы көш» бағдарламасы, Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы сияқты бағдарламаларды және олар бойынша шығыстар бюджеттің үлкен бөлігін құрайтын басқа да бағдарламаларды іске асыру есебінен болды[3].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей бюджеттік жүйенің барлық деңгейлерінің ұзақ мерзімді баланстануын және дербестігін жоғарғы бюджеттерден субсидия, субвенция, трансферттер және қаражат бөлудің басқа формаларын бөлу көмегімен төменгі деңгейдегі бюджеттерге қаржылық көмек көрсету негізінде емес, ең бірінші салықтық бөлулер әдістерімен қамтамасыз ету қажет.

Бюджетаралық реттеудің тиімсіз әдістерін қолдану, аймақтардың өздерінің салықтық түсімдерін жоғарлатуға мүддесіздігімен шартталады. Салықтардың жиналу деңгейінің төмендігі аймақтық бюджеттердің трансферттердегі қажеттілігін жоғарылатады және оның тапшылығының өсуіне әкеледі. Аймақтардың өз күштерімен тапшылықты қысқартуға тырысуы меншікті кіріс жетіспеушілігімен сипатталады. Кейбір аумақтардың реттеуші салықтарының салық әлеуеті ол бюджеттерге бөлулер нормативін шамалы жоғарлату жағдайында орталық бюджеттен мүлдем қаржылық көмек сұрамауға мүмкіндік жасайды. Мұндай шешім көптеген аймақтардың дотациялану деңгейін елеулі төмендетуі мүмкін.

Реттеуші салықтардан тұрақты нормативтерді бекіту аймақтар бюджеттерін негізгі жоспарлаудың проблемаларын шешпеді. Осыған орай, 2001 жылдың аяғында “ Бюджет жүйесі туралы” Заңға өзгерістер енгізіле бастады. Заң жобасы орталық және аймақтар арасындағы бюджеттік қатынастардың салықтық кірістерді қайта тарату арқылы, бюджеттік алып қоюлар және субвенциялар көлемін қайта қарастыру жолымен түзетулер жасауға негізделді.

Сонымен, 2008 жылы бюджет жобасына сәйкес үкімет бюджет жүйесіне өзгерістер енгізген: корпоративтік табыс салығы толығымен республикалық бюджетке беріліп, ішкі акциздер және қоршаған ортаны қорғаудан табыстар толығымен жергілікті бюджет көзі болды. Өзгеріс енгізудің негізгі себебі, әр түрлі өзгерістерге ұшырауға икемді корпоративті табыс салығы облыстық деңгейдегі салықтық түсімдерге кедергі жасайтындықтан, салықты толығымен республикалық деңгейге беру жолымен салықтық түсімдердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге болатындығы. Ал, акциз сияқты проблемалы салықты әкімшіліктендіруді жергілікті деңгейде жүргізу тиімділігінен акциздерді толығымен жергілікті бюджетке

қалдыру қажеттілігі туады[4].

Енгізілген өзгерістердің себептерін, олардың негізділігін тұжырымдайтын көзқарастарды қарастыра келе, келесідей орынды қайшылықтар туады :

- өзгеріс орталықтандырмауды жүзеге асыру мақсатын көздеген. Бірақ мемлекеттік басқару басқару деңгейлері арасында функцияларды нақты шектеу, жергілікті бюджеттің тұрақты кірістерін қамтамасыз ету, бюджеттің тұрақты кірістерін қамтамасыз ету, бюджеттің қаржылық дербестігі сияқты проблемалар шешілмейінше орталықтандырмау проблемасы шешілмейді ;

- корпоративтік табыс салығынан бөлулерден жергілікті бюджетке түсімдер барлық салықтық түсімдердің 1/3 бөлігін құрады. Бұл түсімдер республикалық деңгейге берілсе, облыстар үкімет трансферттерін алуға мәжбүрлі болады, сәйкесінше дербестікке қол жеткізу мүмкін болмайды ;

- жергілікті бюджеттерге толығымен түсетін акциздер жергілікті бюджеттердің кіріс базасын нығайта алмайды, өйткені бұл түсімдер корпоративті табыс салығы мен акциздер орнын толтыра алмайды.

Қазіргі бюджеттік мәселелерді шешу және деңгей аралық бюджеттік аралық қаржылық ағындарды оқтайландыру үшін бюджеттік жүйенің барлық деңгейлеріне салықтардан бөлулер немесе салықтарды бекіту жүйесін жетілдіру қажет. Осы проблеманы шешуге мүмкіндік жасау үшін салықтар тізімі шектеулі. Басты мақсат – оларды бюджеттік жүйе деңгейлері арасында негізгі тарату. Бүгінгі таңда осы мәселе төңірегіндегі пікір таластар 3 бағытта жүргізіледі:

1. салықтарды бюджеттік жүйенің қандай да бір деңгейіне бекіту немесе олардан бөлулердің мақсаттылығы ;

2. бюджеттік жүйенің әр түрлі деңгейлеріне салықтардан бөлулер мөлшері ;

3. “бір салық – бір бюджет” қағидасы бойынша бюджеттік жүйе деңгейлеріне салықтарды бекіту мақсаттылығы.

Салықтарды бекіту жүйесінің негізін салушы қағидаларды анықтамайынша, бюджеттік жүйенің әр түрлі деңгейлеріне салықтардан бөлулер және оларды бекітудің оқтайлы варианттарына қол жеткізу не тәжірибелік, не теориялық тұрғыдан мүмкін емес. Қағидаларды таңдау бюджеттік жүйе шешуге негізделген міндеттерден тәуелді[5].

Жалпы аумақтық бюджеттер проблемалары келесідей жолдармен шешілуі мүмкін :

- меншікті кірістерді ұлғайту есебінен, яғни елдің салық жүйесіне шамасы бойынша елеулі, жиналуына қарай нақты және ыңғайлы аумақтық салықтар енгізу ;

- бюджеттік жүйе үзбелері арасында жалпы мемлекеттік кірістерді тұрақты нормативтік негізде тарату жолымен ;

- әрбір аумақтық бюджеттің кірістерін және шығыстарын жыл сайын реттеу.

Қазіргі уақытта ҚР-да ақшаның құнсызданбауына, инфляцияның алдын алуға және халықтың тұрмыстық деңгейін жоғарылатуға мемлекеттік бюджеттен көптеген қаржылар бөлініп жатыр. ҚР Президентінің тікелей басшылығымен құрылған бюджеттік комиссия Үкіметтің парламентке ұсынған заң жобаларын алдын ала қарап, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, сондай-ақ, бюджеттің кірісі мен шығысы арасындағы сәйкестіктің бұзылмауын назарда ұстап, оның орындалу барысын үнемі қадағалап отырады.

Кесте 1 - Республикалық бюджет көрсеткіштері, мың теңге

Көрсеткіштердің атауы	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Кірістер	5 345 617 913	5 697 392 812	6 216 348 978
Шығындар	6 028 203 930	6 423 364 693	7 080 294 232
Таза бюджеттік кредиттеу	27 322 863	43 692 659	35 039 259
Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	75 266 800	172 732 370	98 112 504
Тапшылық	785 175 680	942 396 910	997 097 017

Бюджет тапшылығын қаржыландыру	785 175 680	942 396 910	997 097 017
Ескертпе – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мәліметтері негізінде әзірленген			

Мемлекеттік бюджет мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде, мемлекеттің шығыс бөлігін орындау міндетіне арналған ақша қаражаттарын бір жыл есебімен құру және пайдалану нысаны болып табылады. Бюджет мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретінде кез келген экономикалық санат ретінде келесідей нақты қызметтерді атқарады:

- бюджет қорын құру;
- бюджет қорын пайдалану;
- қаржының мақсатты бағыты бойынша пайдалануын бақылау.

Біздің ойымызша жақсы үкімет - бұл байлық емес, өмірге керекті жағдай дегенмен келіспеуге болмайды. Тиімді мемлекетсіз тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму мүмкін емес. Экономикада болып жатқан өзгерістер мемлекеттің қазіргі сатыдағы базалық сұрақтарына оралуда ғана емес, сонымен қатар ғылыми тұрғыдан да, тәжірибе тұрғысынан да оны өзекті етуге мәжбүрлейді. Қазіргі кезде мемлекеттің экономикадағы орны мен рөлі үздіксіз күшеюде. Бұны тек қана жалпы ішкі өнім қатынасында мемлекеттік кірістер мен шығындардың өсуі ғана емес, сонымен қатар экономикадағы дағдарысты жағдайларды жеңуге бағытталған үкіметтің реттеуші шараларының мәнінің де өсуі куәландырады. Шаруашылық тәжірибе арқылы компаниялардың өз қызметтерін жоспарлаудың уақытты кезеңдерін кеңейтуге деген қажеттілігі елдің шаруашылық дамуындағы мемлекеттің рөлін жаңаша түсінуді қажет етті.

Жұмыспен қамту-2020, Қол жетімді тұрғын үй – 2020, Өңірлерді дамыту, Бизнестің жол картасы – 2020 және т.б. бағдарламалар шешеді, ал «Саламатты Қазақстан», «Білімді дамыту», «Тілдерді дамыту» және т.б. бағдарламаларға жұмсалатын шығыстар ел халқының бірқатар әлеуметтік проблемаларын шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ бүгінде басталған инвестициялық жобаларды аяқтауға қаражатты шоғырландыру ережелердің бірі болып табылады, бұл перспективада аталған жобалардың қымбаттауына және іске асыру мерзімінің созылып кетуін болдырмауға мүмкіндік береді[6].

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 2013
2. Б.С. Өтебаев . Мемлекеттік бюджет. – Алматы: Экономика, 2012
3. Құлпыбаев С., Интыкбаева С.Ж., Мельников В.Д. // Қаржы: Оқулық. – Алматы, 2011
4. Ілиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. // Қаржы: Оқулық. – Алматы, 2005.
5. Ермекбаева Н. Салық және салық салу.- Алматы , 2013 ж.
6. Қазақстанның жаңа бюджеттік саясаты. – Астана: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, компания «ПрофиПолиграф» баспасы, 2012 ж.